

ӘОЖ 81-38

ГТАХР 16.21.55

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.017>

Қ. ЖҰБАНОВТЫҢ СТИЛЬДІК ТАНЫМЫ

*Миров М.О.¹, Садуакас Н.Ә.², Сайылов Г.А.³, Шохаева К. Н.⁴

*^{1,2} Қ Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

³Әзербайжан Ғылым Академиясы, Баку, Әзербайжан

⁴ Халықаралық технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ.Қ.Жұбанов - тіл білімінің әр алуан саласында өзіндік із қалдырған ғұлама. Өз кезінде, ғалым мұрасын зерттеушілердің пайымынша,, ол тіл білімінің барлық саласымен де шұғылданған. Қазақ тіл білімінің ол араласпаған, я қатыспаған бірде-бір қалтарысы қалмаған. Себебі оның ғылыми мұрасынан қолды болмай аман сақталып, бізге дейін келіп жеткен еңбектерінің өзін барласақ, олар қазақ тілінің фонетикасын да, грамматикасын да, қазақ тілінің тарихын да, қазақ жазуы, оның емлесі, терминологиясы, стилистикасы, оқулығы мен методикасы, программасы – бәрі-бәрін де қамтиды. Мақаланың мақсаты ғалымның ғылыми пайымдауларын қалың бұқараға қандай шеберлікпен жеткізе білгендігін, яғни стильдік танымын бағамдау болып табылады. Ғалымның ірі публицистикалық еңбектерінің ішінде «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі», «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жөнінен», т.б. осы кезге жетті. Мақаланың ғылыми жаңалығы - аталған зерттеулердегі сөйлем деңгейіндегі айырым қолданыстарды, жалпыхалықтық бейнелі тіркестерді саралай отырып, ғалымның төлтума сөз өрнектерін мысалдар келтіре талдауы. Ғалымның терминдік мәні бар сөздерді мақалаға тұтас енгізе салмай, оны қазақ халқының ұғымына жақындатып, өрелі де өрнекті стильмен бере білетіндігін аңғардық. Төңкеріс және қазақтың ұлт тіліне арналған ғылыми мақаласында ғалым-публицист қазақ тілінің тұтастығын, біркелкілігін сөз етіп, тіліміздің бұл қасиеті қазақ халқының ішкі-сыртқы жағдайларымен байланысты ертерек, яғни XIV-XVIII ғасыр аралығында қалыптасқанын айтады. Бұдан біз ғалымның тек лингвист-тілші ғана емес, кең тынысты филолог-шығыстанушы болғанын бағамдаймыз. Аталған мақаладағы нақты мысалдарды ала отырып, ғалымның сөз саптау үлгісі де сараланды. Зерттеу әдіснамасы ретінде алға қойған мақсат-міндеттерді шешу үшін жинақтау, салыстыру, семантикалық талдау, жүйелеу әдіс-тәсілдері қолданылды.

Мақаланың құндылығы - мазмұны мен негізгі тұжырымдарының лингвостилистика бағытындағы зерттеулерге тірек материал болатындығы. Мақаланы жоғары оқу орындарында Стилистика, Лингвомәдениеттану пәндерінде пайдалануға болады.

Тірек сөздер: стильдік таным, лингвостилистика, терминология, публицистикалық стиль, этимология, синкретикалық өнер, халық музыкасы, фразеология

Кіріспе

Профессор Қ.Жұбанов еңбектері арқылы тілдің стилистика саласы және оның стильдері қалыптасып, дамуына сол тұстағы алғашқы ғалымдар қатарында өз үлесін қосқаны қазіргі зерттеулердің еңбектерінде айтылып жүр. Ғалым Қ.Жұбановтың ғылыми-публицистикалық өресі биік еңбектерінің стильдік танымын зерделеуде М.О. Әуезов, А. Ысқақов, Р. Сыздық, І. Кеңесбаев, Е. Жұбанов, Ә. Меңдекеев, М. О. Миров, И. Н. Березин, Л. З. Будагов, В.В. Радлов, Вамбери, М. Қашқари, А.Н. Самойлович тәрізді ғалымдардың зерттеу еңбектері басшылыққа алынды.

Профессор Қ.Жұбанов өзінің тіл білімі мен әдебиеттану саласындағы еңбектерін жазу барысында қазақ тілі стилистика саласына да қатысты ғылыми ойларымен осы саланы қалыптастыруға үлес қосқаны туралы кезінде тіл мамандары Ғ.Мұсабаев, І. Кеңесбаев, Р. Сыздық, М. Серғалиев, Б. Әбілқасымов, т.б. өз еңбектерінде көрсетіп кеткен еді. Ғалымның стилистика, стиль түрлеріне қатысты ғылыми пайымдауларын жоғары бағалаған М.Серғалиев: «Басқа мазмұнды еңбектеріндегі сияқты, проф. Қ.Жұбанов стилист ретінде де сөздердің қолданысы мен тіл мәдениетіне қатысты елеулі жайларға арнайы назар аударып, бұл саладағы кем-кетіктердің болмауын қалайтын жанашырлық танытқан», - деп жазған еді [1, 267 б.].

Қазақстанның Ресейге қосылуын прогрестік маңызын жоғары бағалай отырып, патша үкіметінің отарлау саясатының халықты қараңғылықта тұмшалап ұстауға тырысып баққанын, қаскөй саясаттың халықтың қоғамдық ой-санасының табиғи жетілуіне көп зиян тигізгенін жете зерттеген Қ.Жұбанов 1935 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» атты мақаласын жариялады. «Ғалымның осы мақаладағы ой-қорытындылаулары өзінен жиырма жылдан астам уақыттан кейін жазылған академик А.Панкратовтың еңбектеріндегі тұжырымдарымен егіз қозыдай ұқсас екенін көргенде, Қ.Жұбановтың тарихты терең білетініне еріксіз тәнті боласыз», - дейді Ә. Меңдекеев. [2, 220 б.]

Бұл мақалада проф. Қ. Жұбанов қазақ тілінің тұтастығын, біркелкілігін, сөз етіп, тіліміздің бұл қасиеті қазақ халқының ішкі-сыртқы жағдайларымен байланысты ертерек, яғни XIV-XVIII ғасыр аралығында қалыптасқанын айтады. Тілдегі мұндай тұтастық, бір өңділік тұрмыста ұзаққа созылған тығыз қатынас болғандығын көрсетеді. Ондай тығыз қатынас болмаса, өзі көп, неше түрлі елден құралған бір халықтың тілі мұншама бірікпеген болар еді», - дейді.

Қазақ елінің басын біріктіріп, 500 жылдай ыдыратпай ұстаған негізгі факторларға ғалым төмендегілерді жатқызады:

-Шаруашылығы бірыңғай / мал шаруасы/ жерлес елдің шеттегі жаудан мал басын бірігіп қорғауы еді;

-Көшпелі мал шаруашылығы және жер мүлкінің ортақтығы адамды бір орынға арқандамай, бір-бірімен араласуына, Ертістен көшіп, Сыр құлауына, Шудан көшіп Жайық келуіне толық мүмкіндік беретін еді;

-Бір ру мен екінші ру қонысқа, басқаға таласып үздіксіз жауласып, әр жауласудың нәтижесінде үздіксіз араласып, жарасып тұратын еді [3, 27 б.].

Қ.Жұбанов осы жағдайларға байланысты қазақ тілінде диалектілік ерекшеленушіліктің жоқ екенін, қазіргі «болар-болмас жарқыншақ»диалектілік құбылыстың кейін, «Қазақтың жері кесіліп, көш жолы үзіліп, әр ру, әр ауыл, әр үй жерге арқандала» бастаған кезеңінде, пайда болғаны жайлы батыл пікір айтады. Бұл әйгілі очеркінде ғалым қазақ тілінің сом (монолитті) тіл екендігін, ондағы диалектілік жарқыншақтардың кейінгі төрт жүз жыл шамасында пайда болғанын бірінші рет айтқан еді. Бұл тоқтам осы күнгі «Қазақ диалектологиясы» деген пәннің бастауы деп тануға әбден лайық.

Аталмыш мақаланың жазылу мерзімін бажайлап қарағанда, яғни 1935 жылы Қазақстанның автономия болып құрылғанына 15 жыл болатын. Ғалым осы мерекеге байланысты ой-қорытындыларын нақты тарихи ғылыми тұрғыдан бере білген. Дәл 1935 жылы профессор Қ.Жұбанов халық ағарту ісіне сіңірген айрықша қызметтері үшін «Қазақстанның 15 жылдығы» атты құрметті белгімен наградталған.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу барысында диахронды-синхронды тұрғыдан сипаттама, семантикалық, этнолингвистикалық, когнитивтік талдау, жүйелеу, топтастыру әдістері қолданылды. Зерттеу аясында профессор Қ. Жұбановтың қаламынан туған кейбір сөз орамдарына, халықтық сипаттағы ұғымдарға қай тұрғыда ғылыми сипат беретіні жайында нақты мысалдар жинақталып, этимологиялық түсіндірулер, этнолингвистикалық талдаулар жүргізілді.

Талқылаулар және нәтижелер

Қ.Қ.Жұбановтың «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» атты мақаласында өрілетін сөз саптаулары мен өзіндік ерекшеліктерін саралай отырып, мынадай сөз тіркестерін екшеледік.

«Ел-елдің ілгері басып жұрт қатарына қосылуы мен озат шығуының адам тарихы бұрын бір-ақ жолын білуші еді. Ол қазақтың мақалымен айтқанда, «біреу өлмей, біреу күн көрмейді»-нің жолы. Өйткені бір елдің ырысы екінші елдің сорына байланысты еді [3, 59 б.]. ... *тарих сахнасынан біржолата шығып қалу...* - елдік, мемлекеттік дербестігінен айырылу деген мағынада; *көзі шалмаған кәрі заман - бейнелі қолданыс*. «Тарих кітаптарының көзі шалмаған кәрі замандардан бастап, 1917 жылға дейін бұл айтуды білмейтін суық заң еді» [3, 59 б.]. Басқыншылық саясатты түсіндіргенде ғалым былай дейді: «...

Бәрібір, бұл да осы жөнмен өзгенің өлімін тауып, өлімтігіне шығып барып, басын көтерген болатын». Ал «прогресс» деген ұғымды кестелі түрде «... өнері, өрге жүзген осы күнгі Европа», - деп береді. Саясаткерліктің әр кезеңдегі көрінісін айтқанда: «...айырмасы сол – мәймөңкөге шорқақ заман елдері қылығын қымтамай, ашық айтатын еді, бүгіндегілер бүркеншікті сүйеді», - дейді. Шеңгелін салу – басқыншылық. «...Маньчжурияға шеңгелін салғанда, мәдениет бесігі – университет, кітапханаларды өртеп жатып, Жапония «мәдениет орнатқалы жатырмын» деген [3, 59 б.]. «Баудай түсіру» – Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде «оққа ұшу, бірі қалмай қырылу» деп берілген[4, 104 б.]. Мұнда бұл сөзді Қ.Жұбанов «қырып жою» деген мағынада қолданған. «Жазықсыз нақақ жандарды баудай түсіріп жатып: «Тәртіпсіздікті жойып жатырмын»- депті. Құрығын салу – тұзаққа түсіру. Өзіне сөйлетсең Италия да, «Абиссиниядағы құл иемденетін тағылықты құртқалы» құрығын салып жатқан болады. Азапқа белшесінен бата жүру – езгіде, қанаушылықта болу, шексіз бейнет шегу. «Рас, қай кезде де иемденушілердің «болсын» дегенінен емес, капитал қоғамының өз заманымен, азапқа белшесінен бата жүре, қайбір колония елдерінің шаруашылығы, мәдениеті бір қос көтеріліп кететіні де бар». Қанын, сөлін барынша мол сору; - отар елдің рухани да, дүниелік те игіліктерін басы-байлы иемдену өрге бастырмау – тежеу, ірі адым – прогресшілдік сұр болып сақталу – консерватизм. «Ағылшын буржуазиясының Индия жері мен елінің қанын, сөлін барынша мол сору үшін орнатқан индустриясы неше жүз жылдай өрге бастырмай, сұр болып сақталып келген жергілікті шаруашылық қалпын да, қоғам салтын да ойран қылыпты. Индия жұртына қаншама қан жұттырған, улаған опат болып басталса да, Азия көрмеген ірі адым екенін, ақыры жақсылыққа маңдайлайтынын айтады. Тырнағынан аулақ қалатын – бұғауына түспеу. Империализм дәуірінде, империалист мемлекет тырнағынан аулақ қалатын ел бола алмайтынын сезбейтін болса керек [3, 61 б.]. Жебір тап – қанаушы тап, шындығында жебір тап билеген қоғамда мәдениетті елдің мәдениеттілігінен өзге елдің көретін зияны көп. Түске кірмеу – саяси-әлеуметтік тұрғыдан танылмау, беймәлімдік «...бір елдің кейін қалуына «өзі айыпты емес те болады екен» [3, 61 б.]. Қоңсы қону – шеңдесу, қатар түзеу. Әңгіме жоғары мәдениет пен төменгі мәдениеттің қоңсы қонуында ғана емес, тап қатынастарының конкрет жағдайында екендігінде. «қазанның күйесінше жұғу» – мәдени ауыс-түйістердің сипаты. Мәдениет қазанның күйесінше жұғатын нәрсе емес. Шығандап кету – шырқау биікке көтерілу, іргесі құлау – экономикалық базистің күйреуі. Рас, Ресейге қарамастан бұрын да қазақта шығандап кеткен мәдениет жоқ еді. Бірақ патша дәуірінде сол аз мәдениеттің өзінің іргесі құлауға айналып еді. Бір тілім жерге байлану – крепостнойлық халге түсу, арқандаулы лақтай – жерге тәуелді болу, от басынан басқаны көксеу – азаматтық ой-өрісі тарылу; «... бірі мен бірінің қатынасы, кем болуы, әркім бір тілім жерге байланып, арқандаулы лақтай, сонан басқа дүниенің барын сезбейді...».

Кертартпа болмыстың негізгі тамырын құрту – прогресске ұмтылу. Сондықтан, осы ұсақ қоғам организмнің іріленуі, осы ыдыраңқылық жойылып, елдің басы қосылуы – барлық кертартпа болмыстың негізгі тамырын құрту болмақ [3, 62 б.]. *Ошақтың үш бұтына арқандау* – отбасының қайғысынан басқаны көрмеу, азаматтық құқықтан айырылу. Қазақ тұрмысына ана Индия еліндегідей шаруашылықты да, идеологияны да ошақтың үш бұтына арқандайтын жағдайлар аз емес-ті [3, 63 б.]. *Тігістері сөгілу* – қоғамдық қарым-қатынастың әлсіреуі. «Осы тығыз қатынас кейін әлсіреп, қазақ елінің бірлігі ыдырап, қоғам организмдері ұсақталып, осыған сәйкес қазақтың бұрынғы тұтас мәдениетінің тігістері сөгіліп, ұсақталып, жарықшақталып, бытырауға айналғанын көреміз [3, 63 б.]. *Ат арқасына мінері* – іске жарамды ер азаматтар. Елдің ат арқасына мінері тегісінде әскер еді [3, 64 б.]. *Шет-пұшап* – болар-болмас мансап, қоғам өмірінің мардымсыз құбылыстары. Қоғам организмнен шет-пұшағы, ел билігі қолына тигені ауылнай болысқа таласты» [3, 65 б.]. *Арқандала бастау* – басы байлылыққа көшу. Қазақтың жері кесіліп, көш жолы үзіліп, ру, әр ауыл, әр үй жерге арқандала бастады. *Мәдениет бірлігін сөгу* – рухани ыдырау. Әр жердегі қазақ әртүрлі жағдайда жасап, мәдениет бірлігін сөуге айналды. *Үйтіп жеу* – басып алу. *Өйткені бір елді бір ел үйтіп жейтін бұрынғы заңның орнына, жаңа заң тудырған жаңа дүние пайда болды. Нәмәлтай әдебиет* – жартымсыз, болмашы ...*нәмәлтай әдебиеті қазақ тілінің бұл ауруына ем қарай алмады* [3, 65 б.]. *Тоғыта бастау* – варваризмге жол беру, тіл тазалығын сақтау. *Араб-парсы сөздерінен арашаламақ болып бастап тұрып, ақырында сол араб-парсы сөздерін олардың өздері тоғыта бастады.*

Бұл келтірілген мысалдарға көретініміз – проф. Қ.Жұбанов қазақтың халықтық тіліндегі небір шұрайлы қолданыстарға элеуметтік-саяси астар беріп, оларды ғылыми-публицистикалық айналымға енгізгені. Сол халық ұғымына етене таныс сөз орамдары арқылы ғалым тарихи, философиялық және экономикалық ұғым-түсініктердің мәнін жұртшылыққа тереңнен түсіндіре білген. Бұл кезеңде автордың қаламы мейлінше жетілген, стильдік қаламы барынша екшеленіп, алабажақ сөз саптауларды зерттеу объектісіне араластырмай, баяндайтын жайды бір қалыпты ширақ, әрі тартымды тілмен сөз етеді. Қаламының жүйріктігіне бағып, ара-тұра алаулатып-жалаулатып, публицистикадан беллетристикаға ауысып кететін, немесе орынсыз жерде қиыстырып өлендете жөнелетін кейбір әсіре қызылшылдардай емес, Қ.Жұбанов кәнігі көсемсөз иесі бола отырып, сол тілдік мәтінді ғылыми таным деңгейінен төмендетпей, әрі оқырманын да жалықтырмай қомақты да, терең элеуметтік мәселелерді ұтымды да көркем етіп, көкейге қонымды стильмен ғажайып етіп берген. Оның бұл еңбегі ғылыми публицистикалық стильдің тамаша үлгісі екені даусыз. Ғалым қолданысындағы осындай тіркестер өте қысқа әрі түсінікті, стилдік бояуы анық, ойды бейнелі, дәл жеткізуге құрылғанына көз жеткіземіз. Оның

публицистикалық мақалаларындағы ғылыми, саяси мәндегі тіркестердің сәтті құрылғандығын кезінде өз еңбегінде ғалым М.Серғалиев: «Тегінде, проф. Қ.Жұбановтың ойды нақтылы білдіру үшін сөздерді де үнемдеп, аз сөзге көп мағына сыйдыруды қолдап, жақтайтыны байқалады», - деп бағалаған [1, 265 б.]. Ғалым еңбек еткен кезеңінде «стилистика» деген атау мен арнайы пән болмаса да, осы саланың қалыптасып, стилдік түрлерінің дамуына алғашқылар қатарында Қ.Жұбановтың ерекше үлес қосқанын атап көрсетсек, Қ.Жұбанов «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» деген публицистикалық бағытта жазған мақалаласында сөзді жалпы халыққа түсінікті «әдебиет тілінде» қолдану қажеттігін айтқан болатын. Бұл стилстика, стиль мәселелерімен тығыз бірліктегі тілдік атау ретінде маңызды пікір еді. Осы жөнінде «Қ.Жұбановтың зерттеулерінде «әдеби тіл» терминінің баламасы ретінде оның алғашқы «ықшамдалған» нұсқасы – «әдебиет тілі» деген тіркесім өзіне лайық мәнде лингвистикалық категория дәрежесінде қолданыс тапқан», - дейді ғалым Б.Әбілқасымов [5, 89 б.].

Профессор Қ.Жұбанов 1936 жылы «Қазақтың музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы» атты тарихи тілдік талдау беретін еңбегін жарыққа шығарды. М.Әуезов бұл еңбек туралы былай дейді: «Қазақ күйлерінің тарихы жайындағы тарихи-лингвистикалық очеркінде Құдайберген қаламы төселген шеберліктің аса бір нәзік үлгісін көрсетеді» [6, 360 б.]. Тіл, тарих деректеріне молынан сүйенген ғалым қазақ тіліндегі музыкалық аспаптар мен атаулардың этимологиялық тегін зерттей келіп, олардың тілдік қорымызда ерте заманнан келе жатқанын дәйекті дәлелдейді. Ән мен күйдің де түп төркіні бір екенін анықтап, келіп, бұл екі жанрдың бертін келе бөлінуі, қазақ халқының тарихи дамуының нәтижесі екендігіне нақты дәлелдермен көзінді жеткізеді.

Бұл еңбектің ең түйінді жері, күй жанрының бастапқы синкретикалық өнерден тарамдалып шығып, дами келе қазақ музыкасындағы симфониялық қалып алған кемелді жанр деп танытуына саяды. «Бері келе әдебиет жанрлары жетісіп, бірінен-бірі бөлініп, қарасөз әңгіме, өлеңді әңгіме, содан кейін өлең бөлек-бөлек жанр болып шыққан сияқты, күйде де жаңағы сюжетті әңгіме мен күйдің ішінен қарасөз бөлініп, әдебиетке кетіп, сөз құралып, дұрыс қосып айтылатындары ән болып шығып, түрлі дыбысты, түрлі қозғалысты суреттейтін жерлері бөлініп, күй болып кетсе керек» , - дейді Қ.Жұбанов [7, 118 б.].

Бұл байыпты зерттеудің тағы бір өзіндік құнды жағын атай отырып, ғалым Р.Сыздықова былай деген: «... автор сөз еткен объектісін жақсы біледі. Ол жөнінде көп әдебиет оқып, сан алуан пікірлерімен таныс екенін байқатады. Зерттеуші бұл ретте XIV ғасырда өткен иран музыканты Әбдіқадыр Мұрағидың «Зубдәтел Әдуар» деген кітабын талдап кетсе, екінші бір жерінде түрік музыканты Рауф Ектаның, Европа зерттеушісі Кизеветтердің, түрік музыкасын зерттеген профессор Беляев, Успенскийлердің, өзбек музыкасын зерттеген профессор Фитраттың,

Стамбул университетінің профессоры Гюперли-задениң, «Шығыс музыка гаммалары» деген кітаптың авторы профессор Оганезашвилидің пікірлерін келтіріп, олардың кейбірімен айтысып, кейбірін қоштап өтеді» [8, 54 б.].

Бұл зерттеудің келесі бір ерекшелігі сол, музыка терминдерін таза тілдік тұрғыдан талдағанда /этимологиясын ашқанда/ жалғыз қазақ тілі емес, басқа түркі-моңғол тілдерімен, тіпті араб-иран тілдерімен салыстыра отырып, көне түркі нұсқаларынан мағлұмат беріп, олардың да деректерін келтіреді. Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі музыка терминдерінің шығу төркінін тексере келіп, осы күнгі көптеген мамандардың міндетін ерте заманда дін басылары атқарып келген дейді. «... Шамандардың алтай елінде каста деп аталатын ру бастықтары бір жағынан осы күнгі молдалар, екінші жағынан - түрлі мамандардың, дәрігерлердің, метеорологтардың, астрономдардың арғы атасы болып саналуға тиіс. Өйткені нендей өнердің бәрі де бұрын солардың қолында болған. ... Каста жоғалып ыдырай келе, бұл өнерлер жіктеліп, әрқайсысы әр түрлі мамандық болып кеткен»,- дейді ғалым [7, 117 б.].

Сол толып жатқан өнер иелерінің жалпы аты болып табылатын «бақсы» сөзінің мағыналарына ой жүгіртіп қарағанда, оның әр елде, әр кезеңде әртүрлі ұғымды білдіретін термин болып қалыптасқанын көруге болады. Профессор Есет Жұбанов ғылыми әдебиетте бұл жөнінде көптеген деректер бар екенін шолып өткен. Оның айтуынша, «Қазақ зерттеушілерінен бұл сөздің мағынасына алғаш түсінік берген адам-Шоқан Уәлиханов. Ол «Қазақ арасындағы шаман дінінің қалдықтары» дейтін мақаласында «бақсы» сөзін «шаман» дегеннің баламасы деп атап көрсетеді. «Шаман - сиқыры бар және басқалардан білімі артық адам; ол- ақын, музыкант, сәуегей, сонымен қатар, ол – дәрігер,-деп жазды Шоқан,- Қазақтар шаманды «бақсы» дейді, бұл манғұлша «ұстаз» деген сөз, ұйғырлар өздерінің сауатты адамдарына «бахши» дейді, ал түрікмендер өздерінің ақын-жыршыларын осылай деп атайды»[9, 174 б.].

Жоғарыдағы аты аталған еңбегінде проф. Қ.Жұбанов та «бақсы» сөзін музыка терминдерінің бірі ретінде қарастыра келіп, оған біршама лингвистикалық талдаулар жасайды. «Ежелгі ұйғырларда бұл сөз «оқымысты» мағынасында болған.. Стамбул университетінің әдебиет-тарих профессоры Көпіріл-Заде: «...бұл сөз де әуелде бақсы формасында еді, бертін келе, араб, иран, ұйғырларда «әнші» түріне айналып кетті» дейді... Біз мұның қай формасының бұрын болғанын сөз қылмаймыз, алғашқы әзірде екі түрдің де болуы мүмкіншілігін көрсетіп өтеміз»,- дей келіп, қазақ тіліндегі «ауруды бағу» дегенді «бақ» түбірі, немесе біреуге бір нәрсені «бағыштау» дегендегі «бақ» түбірі осы бақ сөзімен түбірлес болуы керек деген пікір айтады. Сонымен қатар, ол «бақсы» сөзінің әр кезеңдегі әртүрлі еңбектерде түрліше түсіндіріліп келгенін де ескертеді. Мысалы, «Париждегі ұйғыр-қытай сөздігінде бұл сөз «оқытушымақ» деп аударылса, Паве-де-Куртейле оны «парсыша білмейтін соттың писары (хатшы)» деп

аударған. Ал түрік жазушысы Сүлеймен Эфенди сөздігінде, сондай-ақ венгр тюркологы Вамберидің еңбектерінде «бақсыға» - әнші, ақын, музыкант деген анықтама берілген. Ноғайларда «бақсы» — музыкант, көркем өнерші мағынасында. Осы күнгі түрікмендер музыкантты «бахшы» дейді, әрі түрікмендердегі бақсы аталатын музыкант жәй өнерші музыкант қана емес, бұл өнер оларда «тұқым куалап» отырады, яғни біреуден біреу үйрену, белгілі-бір школадан өту, профессионализмі күштірек» [7, 117 б.].

Осы мәліметтерді келтіре отырып, Қ. Жұбанов «бақсы» сөзінің түрлі замандарда түрліше орындарда, әр алуан мағыналарда қолданылғандығы И. Н. Березиннің «Хан жарлықтары» [10, 110 б.] дейтін кітабында да бірсыдырғы айтылған деп атап өтеді.

Жалпы тюркологияда бұл терминге түсінік беру ісі сонау Л. З. Будагов [11 98 б.], пен В. В. Радловтан [12, 105 б.] бері қарай үзілмей келеді. Бұл сөздің этимологиясын әрегіректен іздестірген автор деп А. Н. Самойловичті атауға болады. Ол «бақсы» дегеннің түбірін санскриттен (Біквһи), болмаса қытай тілінен (ракзі) ауысқан дейді. Сонымен қатар бұл терминнің ежелгі ұйғырларда будда дінін үйретуші адам деген мағынада қолданылғанын да ескертеді [12, 131 б.].

Енді біз осы еңбектің тіліне қысқаша түрде тоқталайық. Мұнда бірден ғалымның сөз саптау шеберлігі көзге шалынады. Ол еңбегін былай бастайды: «Музыка мәдениетін күшейту ісінде халық музыкасының мұраларын тексерудің маңызы өте зор. Өйткені, болашақтағы жоғары мәдениетті музыка мен қолда бар музыка мәдениеті арасының *жібі үзілмеуі* керек. Қазақтың қалың еңбекшілеріне түсінікті, әсерлі болуы үшін жаңа музыка олардың құлағына жат болмауы керек. Жат болмау үшін өзінде бар музыкаға бір жағынан байланысты болуы керек. Бұрыннан бар музыка мұраларын жетістіріп, толықтырып, көркейтп, көркемдік жағын күшейтіп, примитив түрлерін гармониялап, халық музыкасындағы өмірге, тіршілікке шақыртатын, ерлік, талап, жігер тудыратын элементтерін саралап алып, кертартпа, сары уайым, жасықтық туғызатын жағын жойып, осы ретпен ғана қазақ ұлтының музыкасын дамытуға болады. Халық музыкасы мұраларын зерттеудің маңызы зор болатыны осы жағынан» [7, 117 б.]. «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жөніндегі» атты зерттеуде кестелі сөз орамдары мен халықтық бейнелі тіркесімдер көптеп ұшырасады. Олар мыналар: *Жібі үзілмеу* - арасы бөлінбеу /... Үйткені болашақтағы жоғары мәдениетті музыка мен қолда бар музыка мәдениеті арасының жібі үзілмеуі керек [7, 307 б.]; *Жат болмау* - табиғи етене болу; *Жат болмау үшін өзінде бар музыка бір жағынан байланысы болуы керек.*

Айырылып туған емес - өнер түрлерінің синкретизмі туралы; *Егізделіп шыққан* - екі мүшелі бинар құбылыстар. ...*бұлар әуелден айырылып туған емес, ән мен күй әуелде бір болып, бара-бара музыка мәдениеті жетісе келе, бірінен-бірі айырылып, вокзал музыка, инструментал музыка болып егізделіп шыққан* [7, 308 б.]. *Тұтынған жол* - дәстүрлі принциптер. Олай

болса, сол жоғарғы дәрежеге сол күйлерді шығаруға халық музыкасы қай жолмен жетті, қандай элементтерден құралады, осыны тексеру төменнен жоғары қарай өрлеуде халық музыкасының өзінің салған тұтынған жолын алып алуға себепкер болады. *Жанай жүру* - дәстүрлі принциптерден қол үзбеу. Музыкамызды төменгі сатыдан жоғары сатыға шығарғанда, примитив элементтерді күрделі гармонияға айналдырғандағы халық музыкасының өзі салған жолды жанай жүрсек, осы түрде дамытатын болсақ, көпшіліктің құлағына жат болмақ емес [7, 308 б.]. *Қараңғыны жарыққа шығару*- өзіндік нәрселерді біздік ету, тану. ...*тексеру* *методы* *дұрыс* болса, *бар материалды дұрыс пайдалана білсек*, бұл жөнде талай қараңғыны жарыққа шығаруға болады [7, 308 б.]. *Араласып айқасқанын тексеру*- ұлттық мәдениет арасындағы сабақтастық; ... *осы жоғарыда айтылған материалдарды топтағаннан кейін, қазақтың халық музыка шығармаларын басқа жұрттың шығармаларымен таныстырып, солармен арасындағы байланысын, бір-біріне жасаған ықпалын, бірімен-бірінің араласып айқасқанын тексеру* [7, 309 б.]. *Аулақ болу* - бой тарту; Музыкадан аулақ болудың жөні жоқ емес... [7, 311 б.]. *Кеуде жері* - шоқтығы биік жер; ...*осы заманғы мәдениеттің кеуде жерінде отырғандар...* [1, 311 б.] *Бағы қайту*-қолынан билік кету; ...*өзінің бағы қайтқан әзірде өзі жасаған мәдениеттің өз қолымен өртеуден қашпайтыны мәлім ...* [7, 311 б.] *Парсы жұртынан жүзу* - ауысу, ықпалы тию: ...*түрікпен музыкасының жетіскен болушылығын Азербайжанмен көрші болғандықтан Азербайжан елінен жүқты деп біледі. Азербайжанға парсы жұртынан жүққан деп есеп қылады.* [7, 312 б.].

Келесі бір ой орамдары бірнеше сөз тіркесімен берілген. «Олардың қарауынша, мәдениет қазанның күйесі сияқты нәрсе. Жолап кетсе жұғады да отырады. Жоламай аман тұрып өзбек музыкасын тексерген профессор Питрат...» [7, 312 б.] *Біреудің мәдениеті біреуге оңай жүға салмайды деген сөз.* Манасшылардың арқалы кереметі бар екені жайында «...олар жырлаған уақытта тоғыз қанат ақ орда шайқалып кететінін, күн дауылдатып, лақылдатып жіберетінін, табиғат оның тактісіне билеп кететінін айтады»- дейді [7, 314 б.]. *Ие қылу* - құдіреттілік, сиқырлы күш; Қазақтың өзінің түрлі күйлері, әндері жайындағы сөздерін алып қараған уақытта да музыкаға артықша ірі баға бергендігін, табиғаттан тыс күштерге ие қылып қойғанын көреміз. Ботасына қарамаған нарды күй тартып жүйесін босатып идіріп жібереді. [7, 314 б.]. *Тұзсыз жорамал* - татымсыз; ...*жорамал болғанда да барып тұрған тұзсыз жорамал* [7, 315 б.]. *Ескі оқымыстылар* - ежелгі заман ғұламалары. *Украина кобзасын ескі оқымыстылар күн шығыстан келген, түркі монғол елінен үйреніп алған, содан жүққан нәрсе деп есептейді.* *Әкеліп тастау* - кірме, сырттан келген бөгде нәрсе; XII ғасырда Шыңғыс жорығында орыс арасына монғол әкеліп тастаған, (домбыра инструменті туралы) [7, 316 б.]. *Музасы болу*- тәңірі; *Мұның бәрі де ерте кезде музыка иесі, музасы болған бір ұғымның аты* [7, 317 б.]. *Сұр болу* - көнелену,

некротизмге айналу; ...бақсылар қастасының қолында сұр болып сақталып қалған. [7, 318 б.]. *Тұқыл-тұқылын танып алу* - көне қалдықтарын, реликт; *Қамбар тартатын вариантының ішінен Ермекұлы -вариантындағы примитивті лирикалық мелодиялардың тұқыл - тұқылын танып алу қиын емес* [7, 319 б.]. *Біте қайнау* - гармониялық тұтастық; *Оның да әңгімемен біте қайнағаны* - «Ақсақ құлан», «Жошыхан» [7, 318 б.].

Қорытынды

Жарияланған бүкіл еңбектерін талдап, зерделей келе, Қ.Жұбанов шығармашылығы туралы айтқанда, оның еңбектерінің өн бойынан публицистикалық стиль мен ғылымистильге қатысты өтетігіз жақындықты байқаймыз. Ғалым еңбек еткен кезеңдегі осы саладағы шығармалардың ерекшелігі туралы Р.Сыздық: «... бұл кезеңдегі публицистика тілі мен жартылай ғылыми стильге тән белгілердің бірі – аналитикалық тәсілді жиі пайдалану», - деген болатын [14, 229 б.]. Ал зерттеуші Ә.Оралбай да: «Қ.Жұбанов еңбектерінде публицистикалық стиль мен ғылыми стиль арасындағы жақындықты жоққа шығармаймыз», - деген еді [15 190 б.]. Сондықтан Қ.Жұбанов публицистикасының тілі шұрайлы көркем сөздер мен ғылыми сипаттағы баяндаулармен ерекшеленеді деп білеміз.

Жалпы, «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жөнінен» атты зерттеу еңбек тіл ғылымы үшін мән-мағынасы қандай болса, музыка мамандары үшін де пайдасы мол деп ойлаймыз. Өйткені мұнда музыка жанрының пайда болу, даму бір-бірінен ажырасып, бөлектену кезеңдері сөз болады. Қ.Жұбановтың «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі», «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жөнінен» және де аяқталмаған «Абай - қазақ әдебиетінің классигі» атты туындылары оның ғылыми публицистика саласында жазған шығармаларының биік деңгейі деп айтуға болады. Академик М. Әуезов өзінің «Ірі оқымысты» деп аталатын Қ.Жұбанов жайындағы мақаласында ғалымның қаламгерлігін аса жоғары бағалап: «Құдайберген стилі жатық, тілі орамды, мейлінше шебер жазатын адам еді. Оның публицистік қабілеті, әдебиет, мәдениет қазыналарын терең білетіндігі, ғылымның көптеген салаларымен байланысты өрісі кең, білімі, өзінің мамандығы болып кеткен тіл білімімен астасып, жігі білінбей ұштасып жататын-ды», - деп ой қорытқан [6, 358 б.]. Тұрғыласының Қ.Жұбанов қаламгерлігі туралы осы берген бағасының дәлдігін біз ғалымның публицистикалық мұраларының стильдік танымын зерделегенде айқын аңғарамыз. Қорыта айтқанда, проф.Қ.Жұбанов өзінің мақалаларында тілдің стилистика саласын дамытуға үлес қосты. Ол өзінің публицистикалық стильде жазған мақалаларында тілдің осы стилін қалыптастыруға алғашқылар қатарында ықпал етушілердің бірі болды. Оның мақалаларының өн бойынан сөзді өз орнымен, ұтымды қолдану жолын байқап қана қоймай, ойлы, мәнді мақалаларымен публицистика саласында жемісті еңбек еткенін білеміз. Сөзді өз орнымен жұмсау, стильдік бояуларды

қолдану жолдарын көрсетуі, әдеби тілде жазу, сөз мәдениетін сақтау, әр стильдің өзіндік талаптарын білуі, т.б. стилистика аясындағы мәселелерді байыпты түрде ұсына білуі ғалымның осы бағыттағы еңбектерінің жемісі деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Серғалиев М. Қ.Жұбанов және синтаксис пен стилистика мәселелері // Тілім менің – тінім менің: Мақалалар, баяндамалар. – Алматы: Сардар, 2013. – 253-267-б.

[2] Мендекеев Ә. Сегіз қырлы, бір сырлы // Зауал. – Алматы: Жазушы, 1991. – 220-229 б.

[3] Жұбанов Қ. Шығармалар мен естеліктер. – Алматы: Өнер, 1990. – 208 б.

[4] Кеңесбаев С.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

[5] Әбілқасымов Б. Әдеби тіл хақындағы ауқымды ойлар // Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы: Ғылым, 1990. – Б.88-100.

[6] Әуезов М.О. Ірі оқымысты // Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 20 т. – Б.358-366.

[7] Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 436 б.

[8] Сыздықова Р. Ғалым-азамат: профессор Құдайберген Жұбанов туралы. – Алматы: Арыс, 2004. – 68 б.

[9] Жұбанов Е.Қ. Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым. 1978. – 185 б.

[10] Березин И.Н. Ханские ярлыки. I. Ярлык Токтамышша, 1850; II. Ярлык Тимур-Кутлуга. – Казань, 1851.

[11] Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – Т. I. – СПб., 1869. – 234 с.

[12] Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Т. IV. – СПб., 1911. – 1445 с. Ол былай деп түсіндіреді: «Бақсы – бақшы – киргизский шаман, действующий кобузом (скрипкою) или асою (окованной железом палкою)».

[13] Самойлович А.Н. Очерки по истории туркменской литературы // Сб. «Туркмения», Т. I. – Л., 1929. – 131, 145 с.

[14] Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.

[15] Оралбай Ә. Құдайберген Жұбанов - публицист. – Ақтөбе: Тоғанай-Т, 2006. – 207 б.

REFERENCES

[1] Sergaliev M. Q.Zhubanov және sintaksis пен stilistika мәseleleri [Q. Zhubanov and Issues of Syntax and Stylistics] // Tilim menin – tinim menin: Maqhalalar, bayandamalar. – Almaty: Sardar, 2013. – B.253-267. [in Kaz.]

[2] Mendekeev, Ä. Segiz qyrly, bir syrly [Versatile and talented] // Zauual. – Almaty: Jazushy, 1991. – B.220-229. [in Kaz].

[3] Jūbanov Q. Şyğarmalar men estelikter [Works and memoirs]. – Almaty: Öner, 1990. – 208 b. [in Kaz].

[4] Kénesbaev S.K. Qazaq tılınıñ frazeologıyalıq sözdıǵı [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Ğylym, 1977. – 712 b. [in Kaz].

[5] Äbilqasimov B. Ädebi til haqındaǵı auqımdı oylar [Broad Reflections on the Literary Language"] // Quđaybergen Zhubanov jáne qazaq sovet til bilimi. – Almaty: Ğylym, 1990. – B.88–100. [in Kaz].

[6] Äuezov M.O. Irı oqymysty [Prominent scholar] // Jıyırma tomдық şyğarmalar jınaǵı [Collected works in twenty volumes]. – Almaty: Jazushy, 1985. – Vol. 20. – B.358 – 366. [in Kaz].

[7] Jūbanov Q. Qazaq tılı jönindeǵı zertteuler [Research on the Kazakh language]. – Almaty: Ğylym, 1999. – 436 b. [in Kaz].

[8] Syzdyqova R. Ğalym-azamat: professor Quđaybergen Zhubanov turaly [Citizen of Science: professor Quđaybergen Zhubanov]. – Almaty: Arys, 2004. – 68 s. [in Kaz].

[9] Jūbanov E.Q. Epos tılınıñ örnekterı [Patterns of epic language]. – Almaty: Ğylym, 1978. – 185 b. [in Kaz].

[10] Berezin I.N. Khanskıe yarlyki. I. Yarlyk Tokhtamysha, 1850; II. Yarlyk Timur-Kutluga [Khan's decrees. I. Tokhtamysh's decree, 1850; II. Timur-Kutlug's decree]. – Kazan, 1851. [in Rus].

[11] Budagov L.Z. Sravnitel'nyy slovar' turetsko-tatarskikh narechiy [Comparative dictionary of Turkish-Tatar dialects]. – Vol. I. – St. Petersburg, 1869. – 234 p. [in Rus].

[12] Radlov V.V. Opyt slovaryä tyurkskikh narechiy [An attempt at a dictionary of Turkic dialects]. – Vol. IV. – St. Petersburg, 1911. – 1445 p. He explains it as follows: “Baqsy– baqshy — Kyrgyz shaman, performing with a qobyz (violin) or asau (iron-bound stick).” [in Rus].

[13] Samoylovich A.N. Ocherki po istorii turkmenskoy literatury [Essays on the history of Turkmen literature] // Sb. “Turkmeniya”, Vol. I. – Leningrad, 1929. – Pp. 131, 145. [in Rus].

[14] Syzdyqova R. Qazaq ädebi tiliniñ tarihy [History of Kazakh literary language]. – Almaty: Ana tili, 1993. – 320 b. [in Kaz].

[15] Oralbai Ä. Quđaybergen Zhubanov – publicist [Qudaybergen Zhubanov — a publicist.]. – Aqtöbe: Toǵanai-T, 2006. – 207 b. [in Kaz].

СТИЛИСТИЧЕСКОЕ ПОЗНАНИЕ К. ЖУБАНОВА

*Миров М.О.¹, Садуакас Н.Ә.², Сайылов Г.А.³, Шохаева К. Н.⁴

^{*1,2} Ақтөбинский региональный университет имени К Жубанова
Ақтобе, Қазақстан

³ Академия наук Азербайджана, Баку, Азербайджан

⁴ Международный инженерно-технологический университет
Алматы, Қазақстан

Аннотация. Первый профессор казахской филологии К. К. Жубанов был выдающимся ученым, оставившим значительный след в различных областях языкознания. По мнению исследователей его наследия, он

занимался всеми направлениями языкознания, не оставив без внимания ни одной сферы казахской лингвистики. Если обратиться к его сохранившимся трудам, можно увидеть, что они охватывают фонетику, грамматику, историю казахского языка, казахскую письменность, орфографию, терминологию, стилистику, учебники, методику преподавания и программы.

Цель данной статьи – проанализировать, с каким мастерством ученый доносил свои научные идеи до широкой публики, то есть оценить его стилистическое познание. Среди его крупных публицистических работ, дошедших до нас, – *«Абай – классик казахской литературы»*, *«Революция и национальный язык казахов»*, *«О происхождении жанра кюй в казахской музыке»*.

Научная новизна статьи заключается в исследовании отличительных стилистических конструкций, характерных образных выражений и оригинальных языковых решений ученого. Проведен анализ его авторского стиля с примерами. Также установлено, что ученый не просто вводил в текст термины, а адаптировал их к пониманию казахского народа, используя выразительный и доступный стиль.

В своей научной статье *«Революция и национальный язык казахов»* ученый-публицист подчеркивал целостность и единство казахского языка, связывая эти характеристики с внутренними и внешними историческими факторами, сложившимися в XIV–XVIII веках. Это подтверждает, что он был не только лингвистом, но и широкого профиля филологом-востоковедом.

В статье также исследуется стиль подачи материала ученым на основе конкретных примеров. Методология исследования включает такие приемы, как обобщение, сравнение, семантический анализ и систематизация.

Ценность данной работы заключается в том, что ее содержание и основные выводы могут служить опорным материалом для исследований в области лингвистилистики. Статья может быть использована в высших учебных заведениях при преподавании дисциплин *«Стилистика»* и *«Лингвокультурология»*.

Ключевые слова: стилистическое познание, лингвистилистика, терминология, публицистический стиль, этимология, синкретическое искусство, народная музыка, фразеология

STYLISTIC COGNITION OF K. ZHUBANOV

*Mirov M.O.¹, Sadouakas N.Ә.², Sayylov G.A.³, Shokhaeva K. N.⁴

*^{1,2}K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

³ Institute of Folklore, Academy of Sciences of Azerbaijan, Baku, Azerbaijan

⁴International University of Engineering and Technology
Almaty, Kazakhstan

Abstract. The first professor of Kazakh philology, K. K. Zhubanov, was an outstanding scholar who left a significant mark in various fields of linguistics. According to researchers of his legacy, he was engaged in all areas of linguistic studies, leaving no aspect of Kazakh linguistics unattended. Analyzing his preserved works, one can see that they cover phonetics, grammar, the history

of the Kazakh language, Kazakh writing, orthography, terminology, stylistics, textbooks, teaching methods, and curricula.

The purpose of this article is to analyze the mastery with which the scholar conveyed his scientific ideas to the general public, i.e., to evaluate his stylistic cognition. Among his major journalistic works that have reached us are “*Abai – the Classic of Kazakh Literature*,” “*Revolution and the National Language of the Kazakhs*,” and “*On the Origin of the Kui Genre in Kazakh Music*.”

The scientific novelty of the article lies in the study of distinctive syntactic constructions, characteristic figurative expressions, and original linguistic solutions of the scholar. An analysis of his authorial style is conducted with examples. It has also been established that the scholar did not simply introduce terminology into his texts but adapted it to the understanding of the Kazakh people, using an expressive and accessible style.

In his scientific article “*Revolution and the National Language of the Kazakhs*,” the scholar-journalist emphasized the integrity and uniformity of the Kazakh language, linking these characteristics to internal and external historical factors that developed between the 14th and 18th centuries. This confirms that he was not only a linguist but also a broad-profile philologist and orientalist.

The article also explores the scholar’s style of material presentation based on specific examples. The research methodology includes techniques such as generalization, comparison, semantic analysis, and systematization.

The value of this work lies in the fact that its content and main conclusions can serve as a foundational material for research in the field of linguistic stylistics. The article can be used in higher educational institutions for teaching the subjects *Stylistics* and *Linguoculturology*.

Keywords: stylistic cognition, linguistic stylistics, terminology, journalistic style, etymology, syncretic art, folk music, phraseology

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 11.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Миров Мұхтар Орынбасарұлы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2269-7692>, e-mail: mirov-agu@bk.ru

Нұрбол Садуақас Абдуллаұлы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік университеті Ақтөбе, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-3961-368>, e-mail: sadu_ngd@mail.ru

Сайылов Галиб Амираға оглы – филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Әзербайжан Ғылым Академиясы, Баку,

Азербайджан, <https://orcid.org/0000-0001-7435-9479>, e-mail: qalibsayilov@mail.ru

Шохаева Карлыгаш Нурлановна – PhD доктор, ассоциированный профессор Халықаралық технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5493-2239>, e-mail: shohaeva1976@mail.ru

Информация об авторах:

Миров Мұхтар Орынбасарұлы – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан <https://orcid.org/0000-0002-2269-7692>, e-mail: mirov-agu@bk.ru

Нұрбол Сәдуақас Абдуллаұлы – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-3961-368>, e-mail: sadu_ngd@mail.ru

Сайылов Галиб Амирага оглы – доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Академия наук Азербайджана, Баку, Азербайджан, <https://orcid.org/0000-0001-7435-9479>, e-mail: qalibsayilov@mail.ru

Шохаева Карлыгаш Нурлановна – PhD доктор, ассоциированный профессор Международный инженеро-технологический университет. Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-5493-2239>, e-mail: shohaeva1976@mail.ru

Information about the authors:

Mirov Mukhtar Orynbasaruly – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2269-7692>, e-mail: mirov-agu@bk.ru

Nurbol Saduakas Abdullayuly – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-3961-368>, e-mail: sadu_ngd@mail.ru

Sayilov Galib Amiraga ogly – Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, Azerbaijan National Academy of Sciences, Baku, Azerbaijan, <https://orcid.org/0000-0001-7435-9479>, e-mail: qalibsayilov@mail.ru

Karlygash Nurlanovna Shokhaeva – PhD, Associate Professor, International University of Engineering and Technology, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5493-2239>, e-mail: shohaeva1976@mail.ru